

Банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесін, капиталының мөлшерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 309 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 9 ақпанда № 14790 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесін, капиталының мөлшерін белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің Төрағасы
_____ Н. Айдапкелов
2017 жылғы 11 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 309 қаулысына
1-қосымша

Банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесі, капиталының мөлшері

Ескерту. Әдістеменің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесі, капиталының мөлшері (бұдан әрі - Нормативтер) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес

әзірленген және банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесін, капиталының мөлшерін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Банк конгломератының міндетті сақтауы үшін банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің, капиталының мөлшері құрамына мыналар кіреді:

- 1) жарғылық капиталдың ең аз мөлшері;
- 2) өз капиталы жеткіліктілігінің коэффициенті;
- 3) бір қарыз алушыға жасалатын тәуекелдің ең көп мөлшері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Банк конгломераттарына арналған пруденциялық нормативтерді есептеу мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банк конгломератының бір қарыз алушысы – банк конгломератының қатысушыларында оған қатысты борышкер үшін банк конгломератының қатысушылары өздеріне үшінші тұлғалардың пайдасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе жасасқан шарттарда көзделген негіздер бойынша міндеттеме қабылдайтын тәуекелдер болатын немесе туындауы мүмкін жеке немесе заңды тұлға;

2) банк конгломератының қатысушылары – банк холдингінен (болған кезде) және банктен, сондай-ақ банк холдингінің еншілес ұйымдарынан және (немесе) банктің еншілес ұйымдарынан және (немесе) капиталына банк холдингі және (немесе) оның еншілес ұйымдары және (немесе) банк қомақты қатысатын ұйымдардан тұратын заңды тұлғалар тобы;

3) тәуекелдер - Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 тіркелген, "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (бұдан әрі - № 170 қаулы) сәйкес есептелген банк конгломераты қатысушыларының активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері;

4) тұлғалар тобы – бір біріне әсер ететін белгілі бір қатынастарға байланысты жеке және заңды тұлғалар тобы;

5) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.12.2020 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Банк конгломератының жарғылық капиталының мөлшері төленген акциялар (жарғылық капиталға қатысу үлестері) шегінде алынған, сатып алынған меншікті акцияларды (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) шегергендегі банк холдингі не банк холдингі жоқ, бірақ еншілес ұйымы бар банктің жарғылық капиталының мөлшерін білдіреді.

5. Жаңадан құрылатын банк конгломераты үшін жарғылық капиталының ең аз мөлшері кемінде 100 (бір жүз) миллион теңгені құрайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.12.2023 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Банк конгломератының өз капиталы банк конгломераты қатысушыларының өз капиталының нақты мөлшерінің сомасын білдіреді.

Банк конгломератының өз капиталын есептеу мақсатында банк конгломераты қатысушысының өз капиталының нақты мөлшерінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салынған инвестициялар, заңды тұлғалардың реттелген борышы, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптасқан резервтерді шегергенде, банк конгломератының қатысушылары болып табылмайтын заңды тұлғалардың да өз капиталына өзге де салымдар алып тасталады.

Банктер туралы заңның 42-бабында, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 46-бабына және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 49-бабында белгіленген банк конгломераты қатысушысының төлем қабілеті маржасының жеткіліктілігіне (меншікті капитал жеткіліктілігіне) қойылатын талаптарға сәйкес банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшерінен алынған инвестициялар сомасы осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген инвестицияларға қосылмайды.

7. Банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшері банк конгломераты қатысушысының төлем қабілеті маржасының жеткіліктілігіне (меншікті капитал жеткіліктілігіне) талаптарды белгілейтін Банктер туралы заңның 42-бабына, Сақтандыру қызметі туралы заңның 46-бабына және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 49-бабына сәйкес қалыптастырылған шамадан тұрады.

Банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшерін есептеу тәртібі банк конгломераты қатысушысының төлем қабілеті маржасының жеткіліктілігіне (меншікті капитал жеткіліктілігіне) талаптарды белгілейтін Банктер

туралы заңның 42-бабына, Сақтандыру қызметі туралы заңның 46-бабына және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 49-бабына сәйкес айқындалады.

Егер банк конгломератының қатысушысына қатысты осы тармақта көрсетілген өз капиталдың нақты мөлшерін есептеу тәртібі белгіленбесе, онда өз капиталының нақты мөлшері қаржылық есептілік негізінде банк конгломераты қатысушысының активтері мен міндеттемелерінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

8. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын банк конгломераты қатысушысының өз капиталының нақты мөлшері тұрған еліндегі оның қызметін реттейтін тиісті мемлекеттің уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын банк конгломератының қатысушысына қатысты оның тұрған еліндегі банк конгломераты қатысушысының қызметін реттейтін тиісті мемлекеттің уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерімен өз капиталының нақты мөлшерін есептеу тәртібі белгіленбесе, онда өз капиталының нақты мөлшері Нормативтердің 7-тармағына сәйкес айқындалады.

9. Банк конгломератының өз капиталы жеткіліктілігінің коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K = MK/A, \text{ мұндағы:}$$

K – өз капиталы жеткіліктілігінің коэффициенті;

MK – банк конгломератының өз капиталы;

A – банк конгломераты қатысушыларының тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтері, шартты және ықтимал міндеттемелерінің сомасы.

Банк конгломераты қатысушыларының активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері кредит тәуекелінің дәрежесі бойынша (банк үшін - тәуекелдер дәрежесі бойынша) № 170 қаулыға сәйкес сараланады.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті - банк конгломераты қатысушысының активтерін, шартты және ықтимал міндеттемелерін саралау кезінде банк конгломератының қатысушысы тұрған елде орналасқан тұлғаларға талаптар резидент тұлғаларға қойылатын талаптар ретінде салымдар тәуекелінің дәрежесі бойынша сараланады.

Активтерді, шартты және ықтимал міндеттемелерді тәуекел дәрежесі бойынша саралау мақсаттары үшін активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер олар бойынша арнайы резервтер (провизиялар) құрылған сомаға азайтылады.

Банк конгломераты қатысушыларының тәуекел дәрежесі бойынша сараланатын активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері сомаларының есебіне банк конгломераты қатысушыларының бір-біріне қоятын талаптары кірмейді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Банк конгломератының өз капиталы жеткіліктілігінің коэффициенті мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде 0,08 (қоса алғанда);

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде 0,08 (қоса алғанда).

11. Банк конгломератының бір қарыз алушысына жасалатын тәуекелдің ең көп мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{ЖМ} = \text{T}/\text{МК}, \text{ мұндағы:}$$

ЖМ – банк конгломератының бір қарыз алушысына жасалатын тәуекелдің ең көп мөлшері;

T – банк конгломератының бір қарыз алушысына жасалатын тәуекел мөлшері;

МК – банк конгломератының өз капиталы.

12. Бір қарыз алушыға тәуекелдің мөлшері № 170 қаулымен белгіленген талаптарға ұқсас есептеледі.

Бір қарыз алушыға жасалатын тәуекел мөлшеріне банк конгломераты қатысушыларының бір-біріне қоятын талаптары кірмейді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 214 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Бір қарыз алушыға жасалатын тәуекелдің ең көп мөлшері:

1) басқа да қарыз алушылар үшін банк конгломератының өз капиталының 0,25-нен (оның ішінде Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен бір тармаққа төмен емес Standard & Poor's агенттігінің рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттеріне және Standard & Poor's агенттігінің "А"-дан төмен емес рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезиденттерге қойылатын талаптарды қоспағанда, бланкілік қарыздар, банк конгломератында ағымдағы және содан кейінгі 2 (екі) ай ішінде қарыз алушыға талаптары туындауы мүмкін болатын үшінші тұлғалардың пайдасына қарыз алушы алдындағы не қарыз алушы үшін қамтамасыз етілмеген шартты міндеттемелер бойынша, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің міндеттемелері бойынша банк конгломератының өз капиталының 0,10-нан артық емес);

2) мыналар:

банк конгломераты қатысушысының лауазымды тұлғасы немесе басшы қызметкері, сондай-ақ олардың жақын туыстары;

банк конгломераты қатысушысының ірі қатысушысы, сондай-ақ ірі қатысушы - жеке тұлғаның жақын туысы немесе ірі қатысушы - заңды тұлғаның бірінші басшысының жақын туысы;

осы тармақтың 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген тұлғалар тікелей немесе жанама (заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу

арқылы) бақылайтын заңды тұлға не онда дауыс беруші акциялардың (қатысу үлестерінің) 25 (жиырма бес) және одан астам пайызына ие көрсетілген тұлғалар;

банк конгломератының қатысушылары тікелей немесе жанама (заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы) бақылайтын заңды тұлға не банк конгломератының қатысушысы дауыс беруші акциялардың (қатысу үлестерінің) 25 (жиырма бес) немесе одан астам пайызына ие тұлға, осы тұлғаның лауазымды тұлғалары, олардың жақын туыстары болып табылатын тұлғаға банк конгломератының өз капиталының 0,10-нан аспайды.

14. Әрқайсысының мөлшері банк конгломератының өз капиталының 10 (он) пайызынан асатын бір қарыз алушыға банк конгломераты қатысушыларының тәуекелдер сомасы банк конгломератының өз капиталының мөлшерінен 8 (сегіз) еседен артық аспайды.

15. Егер банк конгломераты қатысушыларының қарыз алушыға алдыңғы есепті күнгі талаптарының жалпы көлемі Нормативтерде белгіленген шектеулер шегінде болып, бірақ кейіннен банк конгломераты өз капиталының деңгейі алдыңғы есепті күннен басталған кезең ішінде 5 (бес) пайыздан аспайтындай мөлшерде төмендеуіне байланысты не қарыз алушыға қойылатын талаптар көрсетілген теңгенің шетел валюталарына қатысты орташа алынған биржалық бағамының өсуінен қарыз алушыға банк конгломераты талаптарының алдыңғы есепті күннен басталған кезең ішінде 10 (он) пайызға өсуіне байланысты кейіннен көрсетілген шектеулерден асып кетсе, бір қарыз алушыға жасалатын тәуекелдің ең көп мөлшерінің нормативі орындалған болып саналады.

Көрсетілген жағдайларда банк холдингі немесе банк холдингі жоқ, бірақ еншілес ұйымы бар банк жоғарыда көрсетілген шектеулерден асып кету туындаған күннен кейінгі күн ішінде уәкілетті органға шектеулерден асып кету фактісі туралы хабардар етеді және келесі есепті күнге дейінгі кезең ішінде шектен асып кетуді жою жөнінде міндеттемелер қабылдайды. Егер осы шектен асып кету көрсетілген мерзімде жойылмаса, бір қарыз алушыға жасалатын тәуекелдің ең көп мөлшерінің нормативтен асып кетуі осы нормативтің көрсетілген шектен асып кету анықталған күннен бастап бұзылуы ретінде қаралады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 309 қаулысына
10-қосымша

Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. "Банк конгломератына арналған нормативтік мәндерін және пруденциалдық нормативтер мен өзге де міндетті лимиттерді есептеу әдістемелерін, сондай-ақ есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімдерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 92 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7601 тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінде № 261-266 (27340) жарияланған).

2. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 383 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8272 тіркелген, 2013 жылғы 15 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінде № 126 (28065) жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне екінші деңгейдегі банктерді пруденциялық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 211 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9949 тіркелген, 2015 жылғы 12 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 140 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11985 тіркелген, 2015 жылғы 16 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 3-тармағы.